

Бұл орталықта ана тілін, ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді үйрену студиясы және көркемдік топ ашылды. Орталықта тек эзирбайджандар ғана емес басқа да ұлт өкілдері бос уақыттарын өткізеді.

Мәдени орталықтың бастығы—Шарбан Әбішев.

### «Фольксштимме» неміс мәдени орталығы.

Бұл орталықта «Фольксштимме» вокальдық үлкендер тобы және «Фейерверк» балалар студиясына әр ұлттың вокалистері қатысады, мұнда орыстар, қазақтар, украиндықтар өлең айтады.

Ұжымның репертуары әртүрлі, концерттік бағдарламасы көп қырлы. Мысалы, өткен жылы Теміртау неміс мәдени орталығы «Фройндшафт» Халықаралық неміс Мәдениетінің фестиваліне қатысып фестивальды ұйымдастыру комитетінің және ҚР неміс Ассоциация бастығы А. Дедерердің дипломымен марапатталды.

«Фольксштимме» орталығында балаларды неміс тіліне және қолөнерге үйретеді.

Орталықтың жетекшісі Светлана Калион.

### ӘДЕБИЕТТЕР:

- **Алтайбаева, С. Ұлттық рух дүмпуін тұғызған:** [металлургия комбинаты жанындағы қазақ мәдениет орталығына - 20 жыл] / С. Алтайбаева // Құрыш қала. - Теміртау.- 2012.- 2 наур. (№9).- 5 б.
- **Алтайбаева, С. Тілі басқа - тілегі бар, түрі басқа - жүрегі бар:** ["Понтос" грек орталығы туралы] / С. Алтайбаева // Құрыш қала. - Теміртау.- 2012.- 1 маус. (№22).- 5 б.
- **Войтенко, Т. Не отрываясь от своих корней** [Электронды ресурс].— Қол жеткізу режимі: <http://rus.classtime.kz/node/1198>.
- **Лахно, Е. Голос в общем хоре** [Электронды ресурс].— Қол жеткізу режимі: [http://temirtau.moy.su/news/golos\\_v\\_obshhem\\_khore/2010-04-02-647-](http://temirtau.moy.su/news/golos_v_obshhem_khore/2010-04-02-647-)
- **Петренко, О. В Темиртау азербайджанский культурный центр, несмотря на молодость, сумел себя зарекомендовать** [Электронды ресурс].— Қол жеткізу режимі: <http://www.inform.kz/kaz/article/2313893>.
- **"Понтос" - грант жеңімпазы:** [Теміртаудағы "Понтос" грек этно-мәдени бірлестігі облыс әкімінің грантын жеңіп алды] // Құрыш қала. - Теміртау.- 2012.- 27 сәуір (№17).- 2 б.

Құрастырушы: АББ библиографы Бекжанова Ж.К.

ОК телефоны: 8(7213) 98-47-60  
Факс: 8 (7213) 44-66-81  
e-mail: [tcsqb@mail.ru](mailto:tcsqb@mail.ru)



*ММ “Теміртау қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі”  
Орталықтандырылған қалалық кітапханалар жүйесі  
Ақпараттық-библиографиялық бөлім*



## **ТЕМІРТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ЭТНО-МӘДЕНИ БІРЛЕСТІКТЕРІ**

**Жаднама**

**Теміртау, 2013**

*Біздің Теміртау қаласында жүзден аса ұлт пен ұлыс өкілдері тұрады, олардың бәрі де егемен елдің мейірімін еркін сезініп, өздерінің жүрек қалауымен өмір сүруде. Оннан аса ұлттық этно-мәдени бірлестіктер бар, олар салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, тілі мен дінін, ділі мен қасиеттерін жалғап, одан әрі дамытып жүр.*

**АО АрселорМиттал Темиртау Қазақ мәдениет орталығы** 1992 жылғы 1 наурызда ашылды. Бұл орталық ел егемендігінің алғашқы жылдарында қалыптасқан ұлттық рухты сақтай отырып, бұрынғы дәстүрден жаңылмай игілікті істердің ортасынан табылуға.

Орталықта бірнеше өнер ұжымдар ұйымдастырылған:

- «Шолпы» бишілер ансамблі;
- «Керемет» деп аталатын театр студиясы;
- Домбырашылар ансамблі;
- «Аманат» деп аталатын шағын этнографиялық ансамбль;
- «Әжелер ансамблі».



Орталыққа 250-дей адам үнемі келіп тұрады. Олардың дені «АрселорМиттал Теміртаудың» әр цехында жұмыс істейтін металлургтер. «Қазақ халқы өнерге де, дәстүрге де өте бай, біз сол құндылықтарды жоғалтпай сақтаушылармыз», - дейді орталықтың басшысы Салтанат Бектемірова.

#### «Понтос» грек орталығы.

Қаламыздағы бұл ұлттық этно-мәдени орталық тек облыс емес, республика деңгейінде де әріптестеріне үлгі болып жүр. Оған ұзақ жылдар бойы қаламыздың байырғы тұрғыны Деспина Касапиди жетекшілік етеді. 1995 жылы басында «Гермес» атанған бұл шағын ұйым алдымен ұлт өкілдерінің өз тілдерін, салт-дәстүрлерін қалпына келтіріп, жас ұрпақтың тарихи тамырын ұмытпау үшін ұйымдасты.



«Понтос» этно-мәдени орталығы жас ұрпаққа өзінің ана тілін біліумен қатар ұлттық салт-дәстүрлерін ұмытпауы үшін түрлі үйірмелер, тәрбиелік мәні бар шаралар өткізіп тұрады. Қаламыздағы «Понтос» грек мәдени-этно бірлестігі барлық грек отбасыларының ортақ үйі десе болады, бос уақыттарында, мерекелерде бас қосады.

Тіл ұстартып, ата-бабалары айтқан әндерді шырқайды.

2012 ж. осы орталыққа облыс әкімінің 700 мың теңге көлеміндегі гранты берілді.

**Облыстық «Полония» орталығының Теміртаудағы мәдени орталығын** Галимская Валентина басқарады.

- Бірінші рет біздің орталық 1996 ж. «Надзея» деген атпен тіркелді.—деді Валентина Анастасовна.—Польша және Қазақстан білім министрліктерінің келісімдері бойынша жыл сайын поляк жағы мәдени орталықтарды оқытушылармен қамтамасыз етеді, тілді тегін оқу тек поляк оқушыларына ғана емес, барлық өз еркімен үйренушілерге де тегін. Сабақтар №14 мектеп базасында өтеді.



«Достлуг» әзірбайжан мәдени орталығы ең жас этномәдени бірлестігі, ол 2008 жылы ашылса да өзін жақсы жағынан көрсетуде. «Достлуг» орталығы қалалық мәдени шараларға белсенді қатысуымен қатар, облыстық және республикалық конкурстар мен фестивальдарға да қатысып жүр.